

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-
ФАРАБИ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ**

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы

Кафедра гражданского права и гражданского процесса, трудового права



**заң ғылымдарының докторы И.В.Амирханованы еске алуға арналған
« Құқықтық пәндерді оқытудағы қазіргі әдістері»
атты ғылыми- әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
22 сәуір 2016 жыл**

**МАТЕРИАЛЫ
Научно - методической конференции
посвященной памяти д.ю.н. Амирхановой И.В. по теме
«Современные методы преподавания юридических дисциплин»
22 апреля 2016 года**

Алматы 2016

УДК 340:378
ББК 67.0:74.58
С56

*Рекомендовано к изданию решением Ученого совета юридического
факультета*

КазНУ имени аль-Фараби

Рецензенты:

Доктор юридических наук, профессор Карагусов Ф.С.
Д.ю.н, профессор Жатканбаева А.Е.

Коллектив авторов

**СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ЮРИДИЧЕСКИХ
ДИСЦИПЛИН** Материалы научно - методической конференции
посвященной памяти д.ю.н. Амирхановой И.В.– Алматы, 2016 - 60с.

ISBN 978-601-7199-31-9

В данный сборник включены материалы преподавателей и молодых ученых, участников научно-методической конференции, которая была проведена 22 апреля 2016 года. Конференция была организована кафедрой гражданского права и гражданского процесса, трудового права юридического факультета КазНУ им.аль-Фараби.

Сборник посвящен теоретико-методологическим проблемам ,авторами исследованы различные аспекты и проблемы преподавания базовых и элективных юридических дисциплин.

Сборник представляет интерес для преподавателей Вуза, а также для магистрантов.

УДК 340:378
ББК 67.0:74.58

ISBN 978-601-7199-31-9
2016

© Коллектив авторов

СОДЕРЖАНИЕ

Тыныбеков С.Т., Рыскалиев Д.У.	4
Ермухаметова С.Р.	13
.....	
Абикенов	16
А.А.	
Сулейменова С.Ж., Аскарова А.О.	20
Омарова А.Б., Омарова	21
Ш.Б.	
Алдашев С.М., Жетписбаев Б.А.	26
.....	
Атаханова С.К.	29
.....	
Нурахметова Г.Г., Худайбердина Г.А.	33
.....	
Мукалдиева Г.Б., Худайбердина Г.А.	35
.....	
Доцанова А.С.	39
.....	
Урисбаева А.А.	42
.....	
Токмамбетова И.Ш., Абайдельдинов Т.М.	45
Кусаинова А.К., Кусаинов	48
Д.О.	
Муксинова А.Т.	51
.....	
Қарашева Ж.Т.	60
.....	
Худайбердина Д.А.	63
.....	
Алексеева С.В.	71
.....	

Тыныбеков С.Т.
*з.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы
кафедрасының меңгерушісі*

Рыскалиев Д.У.

заң ғылымдарының магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы

**Еңбек құқығының, оқу курсы ретінде, әркімнің жұмыспен қамтылуға деген конституциялық құқығының қамтамасыз етілуін білім алушылармен игеруіндегі орны:
мемлекеттік бақылау мен қадағалау қызметінің сипаты**

Қай салада болмасын мемлекет тарапынан барлық қоғамдық қатнастардың қатаң бақылауда болу қажеттілігі дау тудырмайтындығы баршаға мәлім. Олардың қатарында әркімнің жұмыссыздықтан қорғалуын қамтамасыз ету мәселесі бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға жүктелген міндет. Қоғамның, мемлекеттің алдына қойылған міндет – еліміздің экономикалық, инновациялық – индустриалдық қуаттылығын арттыра отырып түйіткілді әлеуметтік мәселелерді шешу, сәйкесінше, мемлекеттік басқару қызметін жетілдіру болып табылады.

Еңбек құқығының тұжырымдамасының айқындалу қажеттілігіне байланысты белгілі ғалым Нұрғалиева Е.Н. келесідей өзінің пікірін білдіреді: «әрбір мемлекеттің экономикалық жағдайының өзгеруіне байланысты, қоғамдық өмірдің болмысын ескере отырып, еңбекті қолдану саласындағы қоғамдық қатынастарды нәтижелі реттеуге бағытталған жаңа тәсілдердің енгізілуі әр кезеңге тән заңдылық жағдаят» [1, 16-бет].

Әркімнің жұмыспен қамтылуға, кәсіп, жұмыс түрін еркін таңдауға деген құқығы кең мағынада айқындалып, оның құқықтық аспектіде, қамтамасыз етілу механизмдері дұрыс бекітілуге тиіс. Заңнамалық тұрғыда берілетін ұғым не термин әркімнің қандай да бір конституциялық құқығының дәл және дұрыс айқындалуына, қамтылуына бағытталуға тиіс.

Конституцияға сәйкес, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық бағыттағы мақсатымен міндеттерін айқындауға байланысты, осы бағыттағы мемлекеттік ұстанымның маңызын ашуда белгілі ғалым Кенжалиев З.Ж. келесі өзінің теориялық ой-толғамдарын білдіреді: «Конституция еліміздің Негізгі заңы ретінде мемлекеттің орнын, мәнін, негізгі ұстанымдарын, халықтың мәртебесін, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық болып табылатындығын білдіретін, билікті жүзеге асырудың негізгі қағидаттарын, республикада қолданылатын құқық жүйесін, саяси жүйені, қоғам мен мемлекеттің экономикалық негізін айқындайды» [2, 76-бет]. Осы мәтіндегі пікірін жалғастыра отырып Кенжалиев З.Ж. келесідей қорытынды жасайды: «табиғатпен, адамзат қоғамымен және мемлекетпен жасалған барлық құндылықтардың ішінде нақ адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып айқындалады. Бұдан оның

басымдылық түрде қорғалу қажеттілігі туындайды және ол мемлекеттің ең бірінші парызы болып табылады» [2, 77-бет].

Конституцияның 24-бабының 1-тармағына сәйкес, әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Осы мәтіндегі әркімнің құқығы келесідей белгілерімен сипатталады: еңбек ету жасында болуы, денсаулық жағдайының жарамды болуы; жұмыспен қамтылуға ниет білдіруі; қалауы бойынша мамандығына, кәсібіне сай келетін жұмыс орнының болуы және негізсіз жұмыспен қамтылуға деген құқығының шектелуіне жол берілмейтін құқықтық механизмдердің бекітілуімен айқындалуға тиіс.

Нарықтық қатынастардың даму үдерісін ескеріп еңбек құқығының жаңа бағыттағы ұстанымдарын айқындаумен байланысты белгілі ғалым Нұрғалиева Е.Н. келесідей өзінің пікірін білдіреді: «еңбек құқығының даму үдерісіндегі байқалатын құбылыс бұрынғы «социалистік еңбекті ұйымдастыру» жүйесінің бүгінгі еңбек саласына толық қолданылуының мүмкін болмауында. Кеңестік дәуірдегі еңбек құқығының кейбір қағидаттары бүгінде қолданылады, ал басқалары жаңа мазмұнда, экономикалық тұрғыда дамыған елдердің тәжірибесі, заңнамалық болмысы ескеріле отырып жаңа ұстанымдар ретінде айқындалуда - олардың қатарында қызметкерлердің өмірін, денсаулығын сақтау және олардың еңбек жағдайының үнемі жақсартылуы» [1, 24-бет].

Мемлекет деңгейінде қабылданатын әрбір шешім дер кезінде іске асырылуға, сол шешімдер негізінде айқындалатын іс-шаралардың қатаң бақылауда болуы – түпкілікті қажеттілік болып табылады. Елбасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевпен бекітілген 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясында - қазақстандықтардың өмір деңгейінің сапасын түпкілікті көтеру, адам капиталын дамыту, заңның үстемдігін қамтамасыз ету міндеті ауқымды алғышарт болып айқындалды [3].

Жан-жақты жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары негізінде белгілі ғалым Г.С. Сапарғалиев келесідей тұжырым жасады: «Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаттарын, идеяларын және нормаларын талдау нәтижесінде, конституцияның, мемлекетімізде азаматтық қоғамның орнығуына байланысты құқықтық кеңістіктің қалыптасуын, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуын, құқықтың үстемділігінің бекітілуін, барлық мемлекеттік биліктің тарамдарының келісімді қызмет атқаруын қамтамасыз ету мақсатында азаматтардың, мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың саяси және құқықтық жауапкершіліктерін айқындауды қамтамасыз ететіндігін анықтаймыз» [4, 14-бет].

Қоғамдық қатынастарды сапалы реттеу мәселесіне қатысты заңнаманың үстемдігін қамтамасыз ету міндеті барлық уәкілетті мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарына, ұйым басшыларына, лауазымды тұлғаларға жүктелген. Бүгінгі таңда Қазақстан

Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңының күші жойылып жалпылық мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы ережелер Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексіне енгізілді [5]. Құқық бұзушылықтың алдын алудың басымдығына үстемдік беру қағидаты құқықтық қағидат – құқық нормасы болып, осы Кодексте бекітілді.

Мәселен, әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөнінде прокурорлық қадағалау қызметінің сапалық талаптарына сәйкес болуы, жан-жақтылық зерттеу және бұзылған (не бұзылуға қауіпі бар) құқықтарды толық көлемде бұрынғы қалпына келтіру міндеті барлық деңгейдегі прокурорлардың міндеті болып табылады – тексеру жұмысы тексеру өндірісі жөніндегі қаулы негізінде жүргізіледі. Келіп түскен өтініш (арыз, шағым, сұрау, хабарландыру) жан-жақты зерттелуге, сол қаралатын (тексерілетін) өтініштің пәнін құрайтын мәселе бойынша барлық мән-жағдайлар толық айқындалуға тиіс. Мысалы, бұзылған құқықты қалпына келтіру жөніндегі өтінішті қарауда сол құқықты қалпына келтіру ғана емес, сонымен қатар келтірілген зиянды өндіру, кінәлі тұлғаны жауапкершілікке тарту, кейін ала сондай құқықбұзушылықтың орын бермеуі жөніндегі талаптар прокурорлық актіде көрсетілуге тиіс. Прокурорлық тексеру жұмыстары үш түрге бөлінеді: 1) бастамашылдық; 2) заңды тұлғалармен қатар жеке тұлғалардың өтініштері негізінде; 3) Бас прокурордың тапсырмалары бойынша.

Еңбек қатынастарында жұмыс берушімен заңнаманы дұрыс қолдану қызметіне қатысты декларация жүргізу туралы ережелер, мемлекеттік еңбек инспекциясының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің 191-200 баптарында айқындалған (бұдан әрі – ҚР ЕК) [6].

Бүгінгі таңда Кәсіпкерлік кодекстің 153-бабына сәйкес, тексеру жүргізу нәтижесінде, тексерілетін субъектінің заңнамамен белгіленген талаптарды бұзу фактісі анықталған болса, бақылау және қадағалау органының лауазымды тұлғасы, заңнамада көзделген өкілеттігі шегінде, анықталған заң бұзушылықтарды жою, олардың алдын алу, адамдардың өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға, жеке тұлғалармен қатар заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне ықтимал зиян келтіруді болғызбау жөніндегі шараларды іске асыруға, сондай-ақ заң бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғаларды заңнамамен белгіленген тәртіпте жауаптылыққа тарту жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы және Елбасы, Н. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы – Ұлт жоспары шеңберінде [7] 59 заңнамалық актілер қабылданып, басқа нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Ұлт жоспарына сәйкес келесідей атқарылатын іс-шаралардың шеңбері айқындалды: мемлекеттік қызмет жүйесін меритократия қағидаты негізінде құру; әрбір орган мен лауазымды тұлғаның қызметі мен өкілеттілігін бөлу және нақты айқындау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы

халықаралық ынтымақтастықты орнықтыру; мемлекеттік қызмет көрсету саласын дамыту; мемлекеттік аппарат жұмысын ақпараттандыру; сыбайлас жемқорлық көріністерін жою мақсатында шенеуніктердің азаматтармен тікелей байланыста болуына шек қою; халықтың құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік жауапкершілігін көтеру.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығына сәйкес [8], сыбайлас жемқорлықпен байланысты көріністерге жол бермеу туралы заңнамалық актілер болып Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы [9] және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы [10] айқындалған.

Ұлт жоспарының 13-қадамында жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және жаңа заңнаманы әзірлей отырып Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің құрылымында сыбайлас жемқорлықтың көріністері бар құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін арнайы бөлім құру міндеті қойылған болатын. Осы мақсатта, барлық мемлекеттік органдардың, мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыру үшін арнайы өкілетті орган - Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Министрлігі, оның құрамында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы құрылды.

Ұлт жоспарының 10-қадамында мемлекеттік қызметшілерді мансаптық жоғарылату үшін конкурстық негізге көшу, «Б» корпусының жоғары лауазымдарға ауысуы төменгі лауазымдағы мемлекеттік қызметшілер қатарынан конкурстық негізде іске асырылатындығы, соған байланысты - жоғары лауазымға ауыстыруда меритократия қағидатының қоланылатындығы айқындалған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қылмыстық жолмен келген мүліктерді тәркілеу, мемлекеттік лауазымға тағайындалатын азаматтарға шектеу қою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүргізетін басшылардың арнайы жауапкершілігін күшейту туралы нормалармен толықтырылды. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында «Мүдделер қақтығысы» мәтініндегі түсінік алғаш рет берілді. Бұл ретте, жауапкершілікті күшейтумен қатар, мемлекеттік және азаматтық қызметшілерге таралатын әлеуметтік кепілдіктерді күшейту, олардың мәртебесін көтеру мәселесі күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе болып табылады.

«Қазақстан - 2050» Стратегиясы шеңберінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың, барлық заңды тұлғалар басшыларының мақсаты - еңбек қатынастарында мүдделердің шиеленісуін, шиеленісу деректерінің қасақана өрлеуін болдырмау, еңбек заңнамасы нормаларын дұрыс қолдану

қызметіне бақылау және қадағалау жүргізуді күшейту болып табылады. Аталмыш Стратегия шеңберінде, барлық мемлекеттік органдармен жұмыскерлерге төленбеген жалақыны өндіру, ұжымдық шарттардың талаптарының орындалуын бақылау, еңбек дауларын сотқа дейін шешу жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде.

«Қазақстан - 2050» Стратегиясының үшінші бөлімінде – жаңа экономикалық саясаттың бағытын анықтау мәселесіне қатысты бүгінгі көзқарастарды өзгерту соған байланысты жаңа бағыттар бойынша жүзеге асырылатын қызмет түрлері айқындалған. Біріншіден, экономикалық және басқару жөніндегі шешімдерді түгелдей экономикалық мақсаттылық және ұзақ мерзімді мүдделер тұрғысында қабылдау. Екіншіден, Қазақстан толыққанды бизнес-серіктестік ретінде қатыса алатын жаңа нарықтық тауарларды айқындау, экономикалық дамудың жаңа тіректерін құру. Үшіншіден, экономикалық әлеуетті арттыру мақсатында қолайлы инвестициялық ахуал құру. Төртіншіден, экономиканың тиімді жеке секторын құру және мемлекеттік-жеке меншік серіктестікті дамыту: экспортты мемлекеттік ынталандыру, шағын және орта бизнестің дамуы үшін қолайлы жағдай жасау.

Аталмыш Стратегия қабылданғанға дейінгі бекітілген мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес, мемлекеттің даму жолындағы міндеттердің кейбір бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында айқындалған болатын. Осы мақалада айқындалған стратегиялық бағыттарды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 шілдедегі № 961 «Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаларды іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысы [11], Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2012 жылғы 24 шілдедегі № 3 «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 10 шілдеде республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» атты мақаласын түсіндіру және ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Өкімі қабылданды [12].

Соңғы жылда қабылданған барлық заңнамалық актілер еңбек қатынастарын сапалы реттеу, халықты жұмыспен қамту, жұмыссыздықтың деңгейін бәсеңдету және еңбек дауларының туындауына негіз болатын жағдаяттардың ұйым деңгейінде шешілуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Еңбек кодексінің нормалары барлық жұмыскерлерге, олардың қатарында - азаматтық және мемлекеттік қызметшілерге тікелей таралады. ҚР ЕК-нің 8-бабының 3-тармақшасына сәйкес, жұмыскерлердің жекелеген санаттарының еңбегін құқықтық реттеудің ерекшеліктері осы Кодекпен және өзге де заңдармен айқындалады. Егерде мемлекеттік қызметшілердің қатысымен туындайтын қандай да бір қатынастар мемлекеттік қызмет

туралы заңнамалық актілермен тікелей реттелмесе сол қатынастар ҚР ЕК-мен реттелуге тиіс.

Конституциямен айқындалған әркімнің жұмыспен қамтылуы және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтары мен бостандықтары әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы құқықтары мен бостандықтары болып танылады. Жалпы, құқықтар мен міндеттердің бірлігі әрбір құқық саласына тән қатынастардың мазмұнын құрайды. Конституцияда бекітілген нормаларды талдай отырып «Адам және азамат» бөлімінде айқындалған құқықтар мен міндеттердің азаматтық, әлеуметтік – экономикалық, мәдени және саяси сипатта жіктелетіндігі, соған сәйкес, әркімнің жұмыс пен кәсіп түрін еркін таңдауына, жұмыссыздықтан қорғалуына, қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек жағдайымен қамтамасыз етілуіне деген құқығының әлеуметтік-экономикалық сипатта танылатындығы айқындалған. Конституциямен айқындалған негізгі құндылық – адамның және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі Конституцияның 1-бабында бекітілген [13]. Әркімнің, сонымен қатар, уәкілетті мемлекеттік органдардың құқықтары мен міндеттерінің өзара байланыстылығы Конституцияның 12-бабының 1-тармағына және басқа да баптарына сәйкес айқындалатындығын атап өтуіміз қажет.

Қай салада болмасын қандай да бір құқықтық қатынасқа түсу, не туындаған келіспеушіліктерді, дауларды шешу белгіленген тәртіпте өтінішті беру, оны тіркеу, сол өтінішке қатысты шешім қабылдау тәртібінде іске асырылады.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар еңбек тәртібін күшейту, бекіту, еңбекті жоспарлау мен ұйымдастыру мәселесіне қатысты қабылданатын шешімдер белгіленген тәртіпте берілетін, енгізілетін өтініштерді қарау негізінде іске асырылады. Мысалы – құрылым бөлімше басшысының бастамашылдығымен енгізілетін ұсыныс не баяндамалық жазба ұйым басшысымен қаралып сол ұсыныс не баяндамалық жазба негізінде қандайда бір шешім қабылданады. Өтініштер негізінде адамның құқықтары және бостандықтарын қамтамасыз ету, әрекет пен қызметтің үйлесімділігін анықтау, қарама-қайшылықтар мен шиеленістердің алдын алу жүзеге асырылады. Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңнама нормалары мемлекеттік қызмет және экономиканың барлық салаларына тең жағдайда таралады.

Петиция – латын тілінен аударғанда (petitio) уәкілетті органдарға жазбаша түрде берілетін ұжымдық өтініш ретінде айқындалған. Осы ұғымның (терминнің) мазмұнын, сипатын анықтауда негізге алынатын негізгі белгі – әркімнің өз құқығы шеңберінде, өзінің жігерлі әрекетімен, өзіне тиесілі өтініш жолдау құқығын жүзеге асыру мүмкіндігі ретінде айқындалуында. Халықаралық стандарттарға сай өтініш жолдау құқығымен, жеке тұлғалармен қатар, жеке тұлғалардың өкілдік органы (өкілі) тең жағдайда иемденеді. Яғни, өтінішті беру – адамның жігерлі әрекеті және адамның құқығын қамтамасыз етудің бірден-бір тәсілі ретінде танылады.

Д.Сон осы мәселеге байланысты өзінің келесідей пікірін білдіреді: «Көп жағдайда лауазымды тұлғалардың заңға қайшы әрекетке баруы, сонымен қатар, өрескел заңды бұзуына себеп болатын жағдай – халықтың жігерлігінің, құқықтық сауаттылығының төмен болуымен байланысты» деп өзінің пікірін білдірген [14, 33-бет].

Өтініштерді қараудың құқықтық рәсімін, шегін анықтау – құқықтық қатынас субъектілерінің арасындағы байланысты нығайтуда, құқықбұзушылықтың алдын алуда маңызды орын алады және жұмыскерлердің, қызметшілердің қоғамдық қатынастарға белсенді қатысуына мүмкіндік тудырады.

ҚР Конституциясының 18-бабының 3-тармағы мен 20-бабының 2-тармағында айқындалған әркімнің ақпаратты алу, оны тарату, өтініш беруге деген құқығын іске асыру механизмдері тиісті заңнамалық актілермен айқындалған (айқындалуға тиіс). Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша тиісті халықаралық шарттар, олардың қатарында 2005 жылдың 21 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Парламентімен 1966 жылғы 16 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясымен мақұлданған «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» Халықаралық Пакт бекітілді [15]. Келесі халықаралық шарт - «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық Пактіге 2003 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президентімен қол қойылды және ол бекітілгеннен кейін 2006 жылдың 24 сәуірінде күшіне енді [16]. Құқық қолдану қызметінде жоғарыда көрсетілген халықаралық шарттар әрқашан басымдықпен қолданылады. 1993 жылдан бастап Халықаралық Еңбек Ұйымының 24 Конвенциялары Қазақстан Республикасының Парламентімен ратификациядан өткізілді.

ҚР ЕК – нің 3 бабының 1 тармағына сәйкес, еңбек заңнамасының мақсаты - еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу, тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төменгі кепілдіктерін белгілеу болып табылады. Аталған баптың 2-тармағымен, еңбек заңнамасының міндеттері айқындалған - тараптардың мүдделерінің теңгерімін айқындау, экономикалық өсуге қол жеткізу, өндірістің тиімділігі мен адамдардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған қажетті құқықтық жағдайларды жасауды қамтамасыз ету болып табылады.

Өтініштің бір түрі «хабарлама» ҚР ЕК-нің 1-бабы 1-тармағының 81) тармақшасында берілген. Хабарлама – жұмыскердің немесе жұмыс берушінің жазбаша өтініші не өзге тәсілмен (курьерлік пошта, почта байланысы, факсимильді байланыс, электрондық пошта және өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы) берілген өтініш мәтінінде айқындалған. Негізінде, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221-III «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес өтініштердің жеті түрі айқындалған:

1) электрондық құжат; 2) бейнеконференцбайланыс; 3) бейнеөтініш нысанындағы ұсыныс; 4) арыз; 5) шағым; 6) сауал; 7) үн қосу.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы №510 «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есептер туралы» Заңның қабылдануына байланысты 2011 жылғы 16 қарашадағы № 109 Қазақстан Республикасының Бас прокурорының бұйрығымен «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережелерін бекіту туралы» және Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және оны толтыруға байланысты № 1 – ОЛ формадағы Нұсқаулық бекітілді [17].

Аталған Бұйрықпен ҚР Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есеп бойынша Комитетке есептік мәліметтер беру (өтініштерді қарауға құқығы бар субъектілермен) және өтініштерді есепке алу ережелері анықталды. Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес барлық өтініштер есепке алынуға жатады және солар бойынша статистикалық, бақылау-қадағалау органдары құқықтық статистикалық талдау жұмысын жүргізеді. Бас Прокуратура жанындағы аталмыш Комитет құқықтық статистикалық ақпаратты жинау және өңдеумен ғана айналыспайды, сонымен қатар, өтініштерді қарау тәртібін сақтау, қадағалау аясында прокурорлық қадағалау қызметін жүзеге асырады.

Өтініштерді қарау мәселесіне қатысты ҚР ЕК-нің кейбір баптарын мысал ретінде қарастыруымызға болады: ҚР ЕК-нің 159-бабының 4-тармағына сәйкес - келісу комиссиясына келіп түскен өтініш, сол комиссиямен, берілген күні міндетті түрде тіркелуге тиіс. Осы баптың 5-тармағына сәйкес - келісу комиссиясы, жекелеген дауды, өтініш тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға міндетті. Аталмыш комиссияның шешімі (оның көшірмесі) қабылдаған күннен бастап үш күн мерзімде тараптарға берілуге тиіс. Осы баптың 6-тармағына сәйкес - келісу комиссиясының шешімі онда белгіленген мерзімде тараптармен орындалуға тиіс.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау қызметі жөніндегі заңнама нормаларын қолдануда ескерілетін жағдай – әркімнің құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуіне прокурорлық қадағалау қызметі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 «Прокуратура туралы» Заңымен [18], бөлек – еңбек инспекциясына қатысты ҚР ЕК-нің 191-198-баптарына және Кәсіпкерлік кодекстің 129-157-баптарына сәйкес еңбек қатынастарында тексеру жұмыстарын жүргізудің ерекшеліктері айқындалған.

Пайдаланылған әдебиеттер мен нормативтік актілер:

1. Нургалиева Е.Н., С.А. Бухарбаева. Принципы трудового права.- Алматы, 2004. 160 бет.

2. Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы/ Ред. басқарған З.Ж.Кенжалиев.- Алматы: Жеті жарғы, 2008.- 120 бет.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар, 15 желтоқсан 2012 жыл «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

4. Сапарғалиев Г.С. Становление конституционного строя Республики Казахстан (1990-1996). Правовые проблемы становления суверенитета Республики Казахстан. – Алматы: «Жеті-жарғы», 1997. – 136 с.

5. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік Кодексі, 03 қараша 2015 жыл №210 (28688), «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

6. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі, 25 қараша 2015 жыл №226 (28704), «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы» Бағдарламасы, 20 мамыр 2015 жыл № 92, «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығы.

9. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, 20 қараша 2015 жыл №223 (28701) «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

10. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы, 25 қараша 2015 жыл № 226 (28704), «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 шілдедегі №961 «Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысы.

12. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2012 жылғы 24 шілдедегі № 3 «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 10 шілдеде республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» атты мақаласын түсіндіру және ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Өкімі.

13. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (2011 жылға дейінгі енгізілген өзгерістер және толықтырулармен). Алматы, Жеті жарғы, 2016.- 37 бет.

14. Д.Сон, Участие институтов гражданского общества в борьбе с преступностью и коррупцией. К обществу без коррупции. Информационно-аналитический журнал, № 4(21) декабрь 2004-47 с.

15. Қазақстан Республикасының Парламентімен 2005 жылдың 21 желтоқсанында бекітілген 1966 жылғы 16 желтоқсандағы БҰҰ Бас

Ассамблеясымен мақұлданған «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» Халықаралық Пакт.

16. «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық Пакт 2003 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президентімен қол қойылды және ол бекітілгеннен кейін 2006 жылдың 24 сәуірінде күшіне енді.

17. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221-III «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңы, 30 қаңтар 2006 жыл №23 (24600), «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

18. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 «Прокуратура туралы» Заңы, 1995 жылы № 24, 156-құжат Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы.

С.Р. Ермухаметова

аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының доценті

Білім беру үрдісінің бүгінгі мәселелері

Оқу үрдісінде қолданылатын инновациялық әдістер тыңдаушыларды, білім алушыларды білім алуға бейімдейтін жаңа технологиялар.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында қолдануға мүмкін болатын бейнеконференциялар, телефорумдар, телемарафондар сияқты инновациялық технологиялар, оқудағы және тәрбиелеудегі, өмірлік дағдыларды қалыптастыру жөніндегі тренингтер қолданылады.

Жалпы «білім беру рыногы» көптеген жоғары оқу орындарының ашылуына негіз болса, ертеңгі күні бірнеше заңгер мамандығын алған тұлғалар құқықорғау органдарына жұмысқа тұруға байланысты бәсекелестік кезінде әрине әртүрлі деңгейдегі жоғары заң білім алғандар арасында болады. Осындай жағдайда заңгер мамандығын оқытуда көбірек сағат бойынша тыңдаушы болған тұлғаның мүмкіндігі жоғары.

Инновациялық технологияны енгізу болашақ маманды кәсіби дайындау үшін мамандануды, біліктілігі қалыптастыру негізі ретіндегі қажетті элемент. Инновациялық технологияны енгізудің тиімділігі мемлекеттің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және болашақ мамандарды дайындау кезінде көрініс табады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;

2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;

3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;

4) білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы;

- 5) адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- 6) жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту;
- 7) білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;
- 8) оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі;
- 9) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы;
- 10) білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы.

Жоғары маманданған заңгерлерді дайындау қоғам өміріне мәнді әсер етеді. Жоғары заңгер білімін берудің негізгі мақсаты оның маңызының қоғам қажеттілігіне бейімдеу. Ол оқу үрдісіне қажетті түзетулер, өзгерістер енгізумен байланысты. Сондықтан заңгер білімін беру үрдісін үнемі жетілдіріліп отыру қажет. Немесе қазіргі бағыт оқудың инновациялық тәсілін басшылыққа алу.

Негізінен инновациялық тәсіл оқу процесі тіршілік және әрекет студің даму динамикасы ерекшелігіне, дистанциялық оқудың өзгешелігіне және жеке тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің талаптары мен әлеуметтік пайдалы білім алуына, сеніміне, мінез-құлықтың сапасы мен өзгешелігіне, тәлім тәжірибесі мен қатынасына негізделген жаңалық енгізуге бағыттайтын тәсіл.

Университетіміз таңдап алған кредиттік білім беру әдісі бойынша кредиттік оқыту технологиясы білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын өз бетінше жоспарлауы негізінде жүзеге асырылатындығын ескере отырып, қазіргі кезде топтарда студенттер санының көп болуына байланысты шағын топтарға бөлу арқылы олардың қабілеттілігін анықтап және бағалауға мүмкіндік беретін жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді.

Осындай ұйымдастырудың алғашқысы құрамында екіден беске дейінгі студенттер бар топтар құру. Негізінен кіші топтың ішін талқылау жүргізу үшін саны шектеулі болған дұрыс. Бұл студенттердің бірлесіп, ұйымдасып жұмыс жасауы үшін қажет.

Бұл жағдайда әр топ өздерінің жұмыс жасау ережелерін анықтап алғаны дұрыс. Әр топқа бір-бір баяндамашыны таңдап, алдын-ала өз шағын тобында талқылауы қажет.

Мысалы, «Попс-формула» әдісі бойынша корпоративтік құқық пәні бойынша корпоративтік құқықтың пәнін анықтаумен байланысты даулар, көзқарастар. Студенттер баяндамашыны тыңдау арқылы өздерінің көзқарастары немесе дәлелдейтін негіздерін қалыптастыруы керек. Бұл студенттерге өз ойларын қалыпқа келтіру және де өзінің көз қарасын нақты және қысқаша түрде қисынға келтіру және таныстыруға көмектеседі. Сонымен қатар өзгенің көзқарасын бағалауға, талқылауға түсуге мүмкіндік береді. Ең бірінші өз ойыңызды айтыңыз, одан кейін өз

ойыңызды негіздеңіз, себебіңізді түсіндіретін бір мысал келтіру арқылы ойды жинақтаңыз.

Жалпы заңгерлерді кәсіби дайындау сапасын көтеру-мемлекеттік мәселе және ол шешім Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы мен сақталуының кепілі.

Негізінен СОӨЖ-ң мақсаты студенттердің зерттеу жұмыстарымен айналысуын ұйымдастыру; студенттерді кәсіби даярлау сапасын арттыру; заңгерлердің кәсіби әдебін оқыту; топта жұмыс істей білу қабілетін қалыптастыру; студенттерді тәжірибелік – заңгерлік тұрғыда дайындау; «Заң» факультеті студенттерінің теориялық және тәжірибелік білімдерін үйлестіру болып табылады.

СОӨЖ кері байланыс болып табылады және тапсырушылардың тапсырып отырған тақырыптарының реакциясын ұғынуға, нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді.

Тапсырушылар өткізілген жаттығулар, ақпараттық блок бойынша өз ойларын айтуды ұсынады.

Студенттердің СОӨЖ қорытындысын бағалау кезінде әрқайсысының сезімдері мен қобалжуларына назар аударып отыру маңызды.

Жалпы заман талабына сай жоғары білімді заңгерлерді даярлау студенттердің жоғары оқу орындарында бекітілген бағдарламалар бойынша студенттер мен оқытушылардың кері байланысы негізінде тақырыптарды жетік меңгеруі арқылы іске асырылады. Заң білімін берудің негізгі мақсаты құқықтық білім берудің қоғамның қажеттілігіне сәйкестігін қамтамасыз ету. Сондықтан да жоғарғы білім беру, соның ішінде заңгерлерді даярлау үрдісін үнемі жетілдіріліп отыру қажет.

Қазіргі кезде құқықтану мамандығы бойынша оқытылатын пәндерді тереңдетіп оқытудың бір әдісі ретінде студенттерге шағын топтар құру арқылы нормативтік актілерді талдау болашақ заңгерлерге практикада қолдана білуге мүмкіндік береді.

Сондықтан қандай да болмасын мемлекеттің, қоғамның бәсекеге қабілеттілігінің және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің басты факторы білімнің, ғылымның тұрақты дамуына байланысты.

Қорыта келе, интерактивті әдістердің ерекшелігі – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі.

Инновациялық ақпараттық технологиялар білім берудің мәнін өзгерте отырып, ақпараттық және даму моделдерінің өзара байланысын дамытады.

Сондықтан білім беру үрдісіндегі инновациялық технологияларды терең қолданудың тиімділігі жоғары.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы/adilet.zakon.kz
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Оқытудың кредиттік

технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары»/
adlet.zakon.kz

Әбікенов А.Ә.

*заң ғылымдарының кандидаты,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Азаматтық құқық
және азаматтық процестер, еңбек құқықтары
кафедрасының доценті*

«Сотта өкілдік ету» тақырыбын зерттеудің ерекшеліктері

Аталған тақырыпты зерттеу, оған сәйкес әдебиеттер мен нормативтік құқықтық актілерді зерттеуді де қарастырады. Соңғы уақытта қазақстандық заң тұрғысындағы әдебиеттерде азаматтық процестегі өкілдік ету мәселесіне байланысты бірқатар ғылыми жұмыстар, оқулықтар және оқу-әдістемелік жұмыстар жарық көрді. Дегенмен, осы саладағы жаңа ғылыми зерттеу еңбектерінде заңды өкілдерге қатысты мәселелер жабулы күйде қалып келеді, тіпті аталған тақырып бойынша тұтас монографиялық жұмыстар да жоқтың қасы. Соған қарамастан, әртүрлі деңгейдегі өкілдердің қатысуымен жүргізілетін сот процестеріндегі туындайтын мәселелер, оларды нақтылы әрі тиянақты түрде талдаудың және тереңнен ғылыми зерттеудің қажет екендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған құқықтық реформа біздің елде демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет қалыптастыруға бағытталған. Бұл қолға алынған мақсат мемлекеттің негізгі заңында – Конституцияда бекітілген, мұнда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын мемлекеттің қызметінің алғышарты ретінде жарияланған. ҚР Конституциясының 13 бабының 3 бөлігіне сәйкес, әрбір азаматқа білікті заң көмегін алуына кепілдік беріледі [1]. Осы жағдай кез келген заң саласындағы көмекке мұқтаж болған әрбір мүдделі азаматқа барынша жоғары деңгейдегі кез келген заңдылық көмек беруді қамтамасыз ететін мемлекеттің конституциялық міндетін білдіреді. ҚР АІК сәйкес азаматтық іс өндірісінде осындай көмек көрсетуді өкіл арқылы қамтамасыз ету белгіленген [2].

Азаматтық өндіріс барысында өкілдік ету ҚР Конституциясында жарияланғандай сотта қорғану құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Өкілдік ету – маңызды процессуалды институт, ол сот өндірісіне қатысы бар тұлғалардың құқықтарының және жалпы әділеттілік саласындағы жауапкершіліктердің нақтылы түрде қорғалуына жәрдемдесуші қызмет атқарады.

Сотта өкілдік ету – азаматтық іс жүргізу құқығы бойынша жеке дара институт болып табылады, мұнда сот пен өкіл арасындағы қарым-қатынас реттеледі, сонымен бірге өкілдік етуші тұлға мен өкілдің арасында істі қарау және шешім қабылдау барысында туындайтын қатынастарды да реттеп отырады [3, б.251].

Кейбір жағдайларға байланысты азаматтар сот отырысына қатысуды қаламайды немесе уақыты болмайды. Құқықтық себептер ретінде қарастыратын болсақ, мұны тұлғаның қажетті деңгейде қабілетінің болмауына жатқызуға болады. Ал нақтылы себептер – қабілетті азаматтың іс жүргізуге қатысуына кедергі болатын жағдайлардың туындауы (ауыруы, іссапарда болуы және т.с.с.). Бұлардан басқа жеткілікті деңгейде құқықтық сауаттылығының болмауына байланысты тұлғаға білікті заң көмегі қажет болады. Осыған ұқсас болатын тағы бір жағдай заңды тұлғаның құқықтық мүддесінің қорғалуы барысында, іс жүргізу процесін оның бүкіл қызметкерлері емес, тек шектеулі топ жүзеге асыруы қажет. Осы мақсатта азаматтық іс жүргізу үшін өкілдік ету институты қызмет атқара алады.

Заңға сәйкес азаматтар өз істерін сотта жеке немесе өкілдер арқылы жүргізуге құқылы. Азаматтың іс жүргізуге жеке араласуы оның осы мәселе бойынша өкілдерді пайдалану құқығынан айырмайды. Заңды тұлғаның істерін сотта заң бойынша, өзгедей нормативтік құқықтық актілермен немесе құрылтайшылық құжаттармен берілген құзырлықтары шегінде оның басшылары жүргізеді, және (немесе) олардың өкілдері атқаруы мүмкін. Заңды тұлғалардың басшылары сотқа өзінің лауазымдық дәрежесі мен құзырлығын куәландыратын құжаттарды ұсынады [2].

Сот өкілдері – өздері сотта атынан өкілдік ететін тұлғаның ісін жүзеге асырушы жеке тұлғалар болып табылады, олар сенім білдіру немесе заңмен, жарғымен, ережелермен немесе қандай да бір құрылтайшылық құжаттармен өздері иеленген құзырлықтар негізінде іс жүргізеді. Соған сәйкес сот өкілі – азаматтық сот ісінде белгілі бір тұлғаның мүддесін қорғау мақсатында сотқа қатысушы өкіл болып табылады.

Кәмелетке толмаған жасы он төрттен он сегізге дейінгі тұлғалардың сондай-ақ қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау сотта олардың ата-аналары арқылы немесе өзгедей заңды өкілдері арқылы жүзеге асырылады. Сотта мұндай кәмелетке жасы толмағандар мен қабілеті шектеулі деп танылған азаматтарды қатыстыруға міндетті.

Кәмелетке жасы толмағандар мен қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың заңды өкілдерінің өтініш білдіруі бойынша сот іске прокурорды қатыстыруы мүмкін. Кәмелетке толмаған жасы он төртке жетпеген тұлғалардың, сондай-ақ қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғауды олардың заңды өкілдері немесе прокурорлар жүзеге асырады [2]. Осылайша, жауапкердің ісі бойынша қолайсыз шешім қабылданған жағдайда сот шешімін орындау заңды өкілдердің мүлкі есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

Сотта өкілдік етудің мақсаты: өзі өкіл етуші тұлғаны сотта қорғау; өкілі болып табылатын тұлғаға көмек көрсету; сотқа іс бойынша дұрыс шешім қабылдауына жәрдемдесу.

Сот өкілінің іс жүргізу қызметі өзі өкілі болып табылатын тұлғаның атынан және оның мүддесі үшін іс жүргізуді жүзеге асырумен

тұжырымдалады. Нәтижесінде өкілдің емес, ол өкілдік етіп отырған тұлғаның іс жүргізу құқығы мен іс жүргізудегі жауапкершіліктері туындайды.

Сотта өкілдік етудің екі түрлі құқықтық қатынастары пайда болады: сыртқы – өкілдің сотпен қатынасы және ішкі – өкілдің ол өкілі болып табылатын тұлғамен ара қатынасы. Сыртқы қарым-қатынас тек азаматтық іс жүргізу құқықтарының нормаларымен реттеледі. Өкілдің өзі өкілі болып отырған тұлғамен қатынастары (ішкі қатынастар) материалдық құқықтар нормаларымен регламенттеледі.

Азаматтық іс жүргізудегі өкілдік ету материалдық құқықтық қатынастар бойынша өкілдік етумен ұқсас жақтары бар, алайда оларды араластыруға болмайды. Азаматтық өкілдік ету азаматтық заңнамалар, ҚР АПК нормалары мен сот нормалары негізінде жүргізіледі. Азаматтық құқықтағы өкіл өз атынан ол өкілі болып табылатын тұлғаның мүддесін қорғау мақсатында мәмілелер жасау арқылы әрекет ете алады. Сот өкілі тек іс жүргізу әрекеттерімен ғана шектелуімен сипатталады.

Сот өкілінің құзырлығының материалдық құқықтағы өкіл құзырлығынан айырмашылығы сот отырысының хаттамасына енгізілетін ауызша өтінішке сай немесе соттағы сенім білдірушінің жазбаша түрде берген өтінішіне сәйкес анықталады. Азаматтық құқықтағы өкілдің мақсаты – өзі өкілі болып табылатын тұлғаның азаматтық құқықтарын және жауапкершіліктерін қалыптастыру, өзгерту немесе тоқтату. Сотта өкілдік ету азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажеттілік болып табылады.

ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 57 бабына сәйкес сотта өкілдік етуші тұлға қабілетті, сенімхат негізінде Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен, сот шешімімен немесе әкімшілік акт бойынша сотта іс жүргізуге құзыретін лайықты жағдайда ресімдеген тұлға болуы мүмкін [2].

Заң шығарушылар сотта өкілдік етуге құқығы жоқ бірқатар тұлғаларды анықтады:

1. ҚР АПК мәтініне сүйенсек, іске қабілетсіз азаматтар өкіл бола алмайды [2].

2. Сот төрешілері, тергеушілер, прокурорлар мен Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілетті ұйымдардың депутаттары сотта өкіл бола алмайды, тек егер олардың сот ісіне қатысуы сәйкес ұйымдардың өкілі ретінде немесе заңды өкілі болып қатысуынан басқа жағдайларда, сотта өкілдік ете алмайды [1].

3. Сотта өкілдік етуге Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет туралы заңнамасының талаптарын бұза отырып заң көмегін көрсетуге тапсырыс қабылдаған қорғаушылар сотта тапсырыс бойынша өкілдік ете алмайды. Тарату ұйымы атынан тарату комиссиясының уәкілетті өкілі бола алады, өйткені ҚР АҚ 50 бабының 2 бөлігіне сәйкес тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап заңды тұлғаның бүкіл мүліктері мен істерін басқару оның құзырлығына өтеді. Тарату комиссиясы таратылып отырған заңды тұлғаның атынан сотқа қатыса алады.

Аталған баптың нормасы азаматтық процеске әр түрлі кезеңдерде өкілдік ету құзырлықтарын нақтылы дәрежеде бөліп көрсетеді, мұнда ол кассациялық инстанциядағы өкілдігін шектейді, сөйте отырып оны кәсіби маман ретінде көрсетеді.

Тұлға, тапсырыс бойынша өкілдік ете алмайды, егер:

1) мүдделері өзі өкілі болып отырған тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғаларға осы іс бойынша заң көмегін көрсетсе немесе бұрын көрсеткен болса;

2) бұрын істі қараған және шешкен кезде судья, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, куә немесе куәгер ретінде қатысса;

3) басқа тараппен немесе үшінші тұлғамен, судьямен, прокурормен, сот отырысының хатшысымен, іс бойынша қорытынды берген сарапшымен, маманмен, аудармашымен туыстық қатынастарда болса;

4) психикалық денсаулық жағдайына не жасына байланысты және басқа да себептер бойынша өз бетінше өкілдікті жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаса [2].

Сотта өкілдік ету – жеке-дара институт, оны басқа құқықтық институттардан ажырата білу қажет.

Сотта өкілдік ету институты азаматтық құқықтық өкілдік етуден елеулі түрде басқаша болып табылады. Оларды бірқатар белгілеріне қарап ажыратуға болады: өкіл мен өзі өкілі болып табылатындар арасындағы қатынастардың мақсаты мен сипатына қарай, субъективті құрамына қарай, туындайтын негіздер бойынша, құқықтық көмек жүргізуге тапсырыс берудің құқықтық салдарына қарай.

Азаматтық сот өндірісінде өкілдік етудің құқықтық мәртебесі өкілді тұлғаның құқықтық әлеуетті барынша пайдалана алуымен, субъективті құқықтық іс жүргізуді, мүлікті және бағалы құндылықтарды қаншалықты қорғай алуымен тұжырымдалады және көрінеді. Мұнда өкілдік ету азаматтық процескегі тараптардың, үшінші жақтың кешенді кепілі болуымен маңызды. Осындай өкілдік ету сапасы түрлі элементтерді қамтиды, сондықтан да ерекше құқықтық маңызға ие болады. Бұл арада ең алдымен іске кәсіби маман, мысалға қорғаушы өкілдік етуге араласқан жағдайда [4].

Қазіргі уақытта, 2015 жылғы 31 қазанда Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық процессуалдық кодексі қабылдануына байланысты, білікті заң көмегін көрсету аясында елеулі өзгерістер орын алды, сол себепті азаматтық процессуалдық құқық бойынша оқу бағдарламасына сәйкес түзетулер енгізудің қажеттігі туындап отыр. Атап айтқанда, ҚР жаңа АПК азаматтық процескегі басқа өкілдер арасынан, сотта қорғаушылардың процессуалдық мәртебесіне ерекше орын берілген.

Мысалы, АПК тек қорғаушылар ғана өзінің сенім білдірушісіне құқықтық көмек көрсету үшін анықтамалар мен өзгедей қажетті мәліметтер алуға құқылы екенін анықтап берген.

Осылайша, қорғаушылардың құзырлықтарын ерекше арттыру, қорғаушылардың заңды түрдегі сапалы көмек көрсету мүмкіндігін әлдеқайда жоғарылатады, бұл құзырлықты қарапайым жеке заңгерлер иелене алмайды.

ҚР АПК тараптардың қорғаушылары қатысуымен бейбіт келісімге келудегі жаңа әдісі енгізілген, ол *партисипативті процедура* деп аталады. Қорғаушыларға алғаш рет заң жүзіндегі медиатор болу құқығы белгіленген. Демек, қорғаушылар енді сотқа дейінгі татуластыру рәсімін жүргізуге құқықты болып саналады. Бұл дегеніміз, қорғаушылар қызметінің аясы кеңейе түскенін дәлелдейді, сол арқылы қорғаушылардың құқықтық рөлі мен әлеуметтік маңызы арта түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл //«Параграф» ақпараттық жүйесі, 2016 ж.

2 Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ – Алматы: ЮРИСТ, 2016.

3 Баймолдина З.Х. Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексін модернизациялау туралы // Ресейлік азаматтық және арбитраждық процестердің жылдық басылымы. – С-Пб.: ООО "Универ. издат. консорц. баспасы "Юридическая книга" 2008. - №6. - 248-265 б.

4 Баймолдина З.Х. Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық құқықтары. 1 том. Жалпы бөлімі. Оқулық-Алматы: КазГЮА. 2001.- 416 б.

Suleimenova S. - *Doctor of Law, Professor,*
Askarova A. - *Dr. PhD*

**Methodical recommendations for studying the discipline
"EntrepreneurialLaw"**

Teaching discipline EntrepreneurialLaw in accordance with the State educational standards of higher professional education. The course "EntrepreneurialLaw" is designed for students enrolled at the Faculty of Law in the specialty and in the higher school of economics and law degree in Economics, Finance, where this course 3 credits provided. One credit is equal to 1 academic hour of class work of students per week during the academic period of 15 weeks. Each academic hour followed by 1 hour of independent work of students and 1 hour of practical classes.

«EntrepreneurialLaw» is one of the elective courses of the modern legal education. "EntrepreneurialLaw"- a course of study which provides the basic concepts on the subject, including the history of formation and development of business law as a branch of law, branch of legal science and as an academic discipline, the concept and essence of entrepreneurship, the legal framework of business, types and forms entrepreneurship, etc.

The objective of the course of business law - teaching students the use and application of theoretical knowledge acquired on the subject "EntrepreneurialLaw" in practice.

The main objectives of the study course are business law - students acquire basic knowledge and skills in the field of business law. As well, students need to

master the skills of application of the law in the field of entrepreneurship in practice. Upon completing the course should be the understanding of the theory and the legal framework of business law and the possibility of practical application of these rules.

After studying the course, students should be aware of the legal framework of business, methods of legal regulation; types and forms of business, be able to apply the rules of business law in practice; analyze the rules of legislative and regulatory acts in the field of entrepreneurship.

